

1. "Аударма моделін" ғылыми айналымға енгізген ғалым
  - A) Р.Якобсон
  - B) В.В. Алимов
  - C) Ю.С.Степанов
  - D) В.Комиссаров
  - E) Ю.Найда
2. Синхронды аударма жасалған кезде аудармашы
  - A) дәл аударуы қажет
  - B) тиянақты, әрі дәл аударуы қажет
  - C) әрі тыңдап, әрі түсініп бірден аударуы қажет
  - D) тез аударуы қажет
  - E) түсінікті жеткізуі қажет
3. Л.Бархударов және А. Швейцердің көзқарастары бойынша аударма үдерісі
  - A) басқа бір тілде жазылған шығарманың екінші тілге көшіріліп қайта жасалуы
  - B) бір тілде айтылған ойларды (сезімдер, эмоциялар) басқа тілдік құралдармен жеткізу
  - C) аудармашылық трансформациялар деп санаған
  - D) тіл қызметінің бір түрі ретінде бір тілде айтылған ойларды басқа тілдің құралдарымен бейнелеу
  - E) ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу
4. Әсер ету функциясы
  - A) ғылыми мәтіндерге тән
  - B) техникалық мәтіндерге тән
  - C) дипломатиялық мәтіндерге тән
  - D) әскери мәтіндерге тән
  - E) публицистикалық мәтіндерге тән
5. Машиналық аударма теориясының негізінде жасалады
  - A) аударатын жаңа программалар
  - B) аударудың жаңа тәсілдері
  - C) компьютерлік машиналар
  - D) табиғи аудару үдерісін қалыптастырып аударатын машиналар
  - E) компьютерлік программалар
6. Аударма процесі қамтамасыз етеді
  - A) адамдардың арасындағы ұзақ қарым-қатынастарды
  - B) шет мемлекеттің мәдениетімен танысу үдерісін
  - C) басқа адамдармен қарым-қатынастың үзілмеуін және жалғасуын
  - D) шет тіліндегі мәліметтерді қабылдауды
  - E) адамдардың арасындағы қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік қатынастарды

7. «Тіл және аударма» атты еңбектің авторы
- A) Л.С.Бархударов
  - B) В.В. Алимов
  - C) А.В.Федоров
  - D) В.С.Виноградов
  - E) Комиссаров В.Н.
8. Ана тілінде мәтінді тыңдаған адамның реакциясы мен аударылған мәтінді тыңдаған адамның реакциясын салыстыру
- A) толық емес эквиваленттілік концепциясы деп аталады
  - B) толық сәйкестік концепциясы деп аталады
  - C) динамикалық эквиваленттілік концепциясы деп аталады
  - D) формальды эквиваленттілік концепциясы деп аталады
  - E) эстетикалық сәйкестік концепциясы деп аталады
9. Реалий сөздерін транскрипция тәсілімен аударған кезде
- A) сөздің мәдени мазмұны ашылады
  - B) шет тіліндегі сөздің жазылуы өзгермейді
  - C) сөздің дыбысталуы өзгереді
  - D) сөздің бір дыбысы түсіп қалады
  - E) шет тілдегі сөздің дыбысталуы аудармада сол қалпында беріледі
10. Стилистикалық- тілдік жазба әдеби тіл нормасы
- A) техникалық мәтіндерінде қолданылады
  - B) ғылыми мәтіндерінде қолданылады
  - C) математикалық мәтіндерінде қолданылады
  - D) газет-журнал мәтіндерінде қолданылады
  - E) саяси мәтіндерінде қолданылады